



Шымкент қаласының әдістемелік орталығы

ҚР БҒМ 15.12.2020 № 527 бұйрығы

«Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар құрылымы

1 тарау. Жалпы ережелер

2 тарау. Жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу процесін ұйымдастыру:

2.1 Білім беру платформаларына қойылатын ең төменгі талаптар;

2.2 Меншік нысанына қарамастан сыныпта 15 адамға дейін білім алушы оқитын 300-ге дейінгі балалар контингенті бар мектептерде штаттық режимде оқытуды ұйымдастыру;

2.3 Мектепалды, 1-5 сыныптарда кезекші сыныптарда, халықаралық мектептерде-7 сыныпқа дейін оқытуды ұйымдастыру;

2.4 Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсартумен мектептің жұмысын жандандыру – аралас және стандартты форматтарға біртіндеп көшу;

2.5 Санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру.

3 тарау. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар, оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда, жалпы үлгідегі мектеп-интернаттарда, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда, мектеп жанындағы интернаттарда, жыл бойына балаларды оқытуды және сауықтыруды жүзеге асыратын оқу-сауықтыру орталықтарында оқу процесін ұйымдастыру

4 тарау. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

5 тарау: Қашықтан оқыту кезінде білім алушылардың оқу тапсырмаларының көлемін оңтайландыру

6 тарау: **Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру.**

7 тарау: Қашықтан оқыту технологияларын пайдаланумен бейне сабақтар мен сабақтар

1-Қосымша Ата-аналардың өтініш беру үлгісі

2-Қосымша ҚО кезіндегі екінші тоқсандағы БЖБ және ТЖБ саны (сыныптар және пәндер бойынша нақтылау)

1 тарау. Жалпы ережелер

2. Орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру нысаны санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға байланысты анықталады:

7) Мектеп қашықтан оқытудан штаттық режимге ауысқан кезде білім алушылар ата-аналарының қалауы бойынша қашықтан оқытуды жалғастыруы мүмкін. Ол үшін ата-аналар 1-қосымшада ұсынылған үлгі бойынша өтініш беруі керек

3. 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін мектептерде мәдени-бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар толығымен тоқтатылады.

4. Директормен кездесулер, педагогикалық кеңестердің мәжілістері, ата-аналар жиналыстары және т.б. қашықтық форматта өтеді. Оқу форматына қарамастан, қазақ және орыс тілдерінде оқитын оқушыларға 1-11 сыныптардан бастап республикалық «Ел-Арна», «Балапан» теледидарлық сабақтары арқылы оқу мүмкіндігі беріледі. Теледидар сабақтары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми арналарында ақысыз көрсетіледі. Теледидар сабақтары қосымша білім беру ресурсы ретінде қолданылады.

2 тарау. Жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу процесін ұйымдастыру

2.2 Меншік нысанына қарамастан сыныпта 15 адамға дейін білім алушы оқитын 300-ге дейінгі балалар контингенті бар мектептерде штаттық режимде оқытуды ұйымдастыру

15. Мектепалды сыныптарда және мектептерде тікелей дербес компьютермен, ноутбукпен, планшетпен және смартфонмен оқу сағатының үздіксіз ұзақтығы:

- 1) мектепалды және 1-сыныптарда - 15 минуттан аспайды;
- 2) 2-3 сыныптарда - 20 минуттан аспайды;
- 3) 4-5-сыныптарда - 25 минуттан аспайды;
- 4) 6-8-сыныптарда - 25 минуттан аспайды;
- 5) 9-11 (12) сыныптарда - 30 минуттан аспайды.

2. Кезекші сыныптардың жұмыс істеуіне ұсынымдар:

- 1) сыныптың толымдылығы – 15 баладан артық емес;
- 2) сабақтың ұзақтығы – 40 минут;
- 1-сыныпта-сатылы режим;
- 3) үзілістер әртүрлі сыныптар үшін әр уақыттағы өзгерістер;
- 4) маскаларды кию режимін қамтамасыз ету;
- 5) оқу үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастыру;
- 6) білім алушыларға жеке парта және орындық бекітілген;
- 7) білім алушы жеке оқу материалдарын (оқулықтар, дәптерлер, кеңсе заттары және т. б.) пайдаланады;
- 8) әр сабақтан кейін кабинеттерді желдету, кварцтау;
- 9) әр сабақтан кейін қолды жуу және арнайы құралдарды қолдану;

2.4 Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсартумен мектептің жұмысын жандандыру – аралас және стандартты форматтарға біртіндеп көшу

35. Оқытудың штаттық және аралас форматтарын ұйымдастыру кезінде мынадай шараларды сақтау қажет:

- 1) басталу және аяқталу уақытын көрсете отырып, сабақ кестесін құру;
- 2) әлеуметтік алшақтық үшін, физикалық байланыстарды азайту үшін ауысымдарды ұлғайту және ауыстыру;
- 3) кабинеттік жүйені алып тастау, әр сынып белгілі бір кабинетте орналасады;

2.5 Санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру

37. Қолайлы санитариялық-эпидемиологиялық жағдайда мектеп санитариялық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, толық штаттық режимде жұмыс істей бастайды. Барлық сыныптарда, оның ішінде мектептердің мектепалды сыныптарында оқыту штаттық режимде жүргізіледі. Сабақ кестесі, ауысым режимі, өзгерістер қалпына келтіріледі.

4-тарау.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

Мұғалім БЖБ және ТЖБ тапсырмаларының техникалық спецификациясы негізінде 1-11 сынып оқушыларына арналған жиынтық жұмыс тапсырмаларын құрастырады.

БЖБ 2-11 сыныптарда 2020 жылдың **3-15 желтоқсан** аралығында
ТЖБ 2-11 сыныптарда 2020 жылдың **21 желтоқсаннан** бастап өткізу ұсынылады.

Аптасына 1 рет өткізілетін оқу пәндері бойынша формативті бағалау және 1 БЖБ жүргізіледі. БЖБ-ны өткізу мерзімін педагог дербес айқындайды. Қажет болған жағдайда БЖБ екі кезеңде жүргізіледі. 1-сыныпты бағалау жүргізілмейді.

Білім алушылардың жетістігін бақылау электрондық журналда жүргізілдеді.
Электрондық журнал болмаған жағдайда – қағаз журналда.

БЖБ және ТЖБ жауаптарын есептен шығарудың алдын алу мақсатында мүмкіндігінше шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, практикалық тапсырмалар, жобалар, эссе және т. б. ұсыну ұсынылады.

ҚР БҒМ №125 бұйрығына сәйкес өлшенетін өлшемдерді баллмен пайдалануды сақтайды (БЖБ үшін тах балл 1-4 сыныптарда 7-ден 15-ке дейін, 5-11(12) сыныптарда 7-ден 20-ға дейін).

Бөлім үшін жиынтық бағалаудың оқу тапсырмаларының саны:
– 1-4 сынып оқушылары үшін – 3-тен 5-ке дейін оқу тапсырмасы;
– 5-11 сынып оқушылары үшін – 5-тен 7-ге дейін оқу тапсырмасы.

ТЖБ тапсырмалардың техникалық спецификациясы негізінде тоқсан үшін жиынтық жұмыстың тапсырмаларын құрастырады. Орындауға 40 минуттан кем емес уақыт бөлінеді;

Тілдік пәндер бойынша:
– 5-11 сыныптарда қашықтықтан оқыту кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 135 бұйрығының 29-тармағын басшылыққа алады; - сыныптарды келген балалар (кезекші сыныптарда) және қашықтықтан білім алушылар тобына бөлу кезінде бірыңғай балмен бірыңғай тапсырмалар жасайды;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 09.02.2018 № 47 бұйрығының 15-тармағына сәйкес «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Бастапқы әскери технологиялық дайындық» пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

5-тарау. Қашықтан оқыту кезінде білім алушылардың оқу тапсырмаларының көлемін оңтайландыру

Қашықтан оқыту кезінде «үй тапсырмасы» дәстүрлі түсінігі өзгереді, себебі білім алушылардың үй жағдайында өздігінен орындауы тиіс оқу жоспарына сәйкес пән бойынша оқу тапсырмалары ғана қалады.

Оқу тапсырмалары оқу пәні бойынша сабақ кестеге сәйкес жүргізілген күні бір рет беріледі.

Педагогтің оқу тапсырмасын мобильдік байланыс арқылы дауыстық хабарламамен жіберуіне рұқсат берілмейді. Егер пән бойынша оқу тапсырмаларын педагог күннің екінші жартысында (екінші ауысым) жіберген болса, онда оқушының орындаған тапсырмасын орындау және жіберу уақытын мерзімі көрсетілген келесі күнге ауыстыру ұсынылады



Білім алушыларға арналған оқу тапсырмаларының болжамды көлемі


Пәндер	Оқу тапсырмаларының түрі мен көлемі
	5-сынып
Қазақ тілі/Русский язык	- 1 ауызша жаттығу (55-65 сөз), сабақ тақырыбы бойынша 1 жазбаша жаттығу
Қазақ әдебиеті/Русская литература	- 2-3 бет оқу, мәтінді талдауға арналған 1 жаттығу
Русский язык и литература/Қазақ тілі мен әдебиеті	- сабақ тақырыбы бойынша 1 ауызша жаттығу (25-35 сөз) және 1 жазбаша жаттығу
Ағылшын тілі	- сабақ тақырыбы бойынша 1 ауызша жаттығу (10-20 сөз) және 1 жазбаша жаттығу
Математика	- бекітуге арналған 1 сөз есеп және 4 өрнек, немесе - аналогия бойынша 2 сөз есеп, немесе - бекітуге арналған 1 сөз есеп және 8 есеп.
Информатика	- 1 интерактивтік тест тапсырмасы немесе - 3-5 сұраққа жауап беру; немесе - 1 практикалық тапсырма (ақпаратты беру-қабылдау бойынша кестені толтыру немесе сызба сызу немесе ақпаратты беру, қабылдау процесін не ақпаратты кодтау-декодтау процесін анықтау)

6-тарау. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру.

59. Білім беру ұйымдары білім алушылардың оқу үлгеріміндегі әлсіз тұстарын жою және білімін толықтыру жұмыстарын кезең-кезеңмен жүргізеді:

- 1) білім беру ұйымы білім алушылардың үлгеріміне мектепшілік мониторинг жүргізеді:
 - Күнделік, Bilimal, Мектеп автоматтандырылған және басқа да ақпараттық жүйелерден алынған деректерді талдау;
 - «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 8-қосымшадағы нысанға сәйкес формативті бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау қорытындыларын талдау;
 - білім алушылар үлгерімінің төмен болуына әсер ететін факторлар мен себептерді анықтау

- 2) мектептің әдістемелік бірлестіктері оқу пәндері бойынша білім алушылардың (1-11-сыныптар) оқу үлгеріміндегі әлсіз тұстары мен күрделі тақырыптарды анықтау бойынша отырыстар өткізеді, педагогтерге жекеленген тақырыптарды өтуге бөлінген сағаттарды қысқарту және күрделі тақырыптарды өтуге бөлінген сағаттарды көбейту бойынша ұсыныстар жасайды. Ұсынымдар әдістемелік бірлестіктердің шешімдерімен бекітіледі. Педагогтер тақырыптардың күрделілігін және білім алушылардың оқу материалын меңгеру қиындықтарын ескере отырып, тақырыптарды зерделеуге бөлінетін сағаттар санын өз бетінше өзгертеді және жоспарларды түзетеді.



- 3) педагогикалық кеңестің шешімі негізінде білім алушылардың біліміндегі әлсіз тұстарын жою және білімін толықтыру жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленіп, білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

60. Ис-қимыл жоспары келесі бөлімдерді қамтиды:

1) Ұйымдастыру жұмысы

Үлгерімі төмен оқушылардың оқу тапсырмаларын орындауына көмек көрсету мақсатында педагогикалық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бері ұйымдары мен жоғары колледж, колледж студенттері қатарынан еріктілер қозғалысын ұйымдастыру;

- оқу үлгеріміндегі әлсіз тұстарын жою бойынша қосымша сабақтарды, шағын топтармен жұмысты ұйымдастыру;

- Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттарын бөлуді қайта қарастыру және пәндер бойынша сағаттарды білім алушылардың білімін толықтыру мақсатында пайдалану;

- білім алушылардың ата-аналарымен келісе отырып, демалыс күн мектептерін, ұзартылған күн сабақтарын және каникул кезіндегі мектебін ұйымдастыру;

- мектепте «Тең – теңіне», «Көлденеңінен және тігінен қамқоршылық» және басқа да қағидаттар бойынша көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру;

- мектептегі әдістемелік бірлестіктердің қызметін үйлестіру;

60. Іс-қимыл жоспары келесі бөлімдерді қамтиды:

1) Ұйымдастыру жұмысы

Үлгерімі төмен оқушылардың оқу тапсырмаларын орындауына көмек көрсету мақсатында педагогикалық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бері ұйымдары мен жоғары колледж, колледж студенттері қатарынан еріктілер қозғалысын ұйымдастыру;

- білім алушыларды пәндер бойынша секцияларға, факультативтерге және үйірмелерге тарту;

- цифрлық білім беру ресурстарын белсенді пайдалану (edu.kz, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, үздік педагогтердің авторлық сабақтары және тағы басқалар).

үлгерім нәтижелелері төмен мектептерге «күшті» мектептердің қамқорлық көрсетуі аясында білім беру ұйымдарының өзара қарым-қатынас жасауы;

білімнің орнын толтыру және олқылықтарды жою мақсатында білім алушылармен топтарда оқу процесін ұйымдастыру;

60. Іс-қимыл жоспары келесі бөлімдерді қамтиды:

2) Оқу мазмұны

- оқыту уәждемесін арттыру үшін пәндік онкүндіктерді өткізу;

- білім алушылардың оқу үлгеріміндегі әлсіз тұстарын ескере отырып, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бөлімдер/бөлімшелер/тақырыптар бойынша қайта қарау (оқу тоқсаны ішінде сағаттарды қайта бөлу);

- оқытудың қол жеткізілмеген мақсаттарын ескере отырып, қысқа мерзімді жоспарлар құру;

- оқу үлгеріміндегі әлсіз тұстардың орнын толықтыру үшін жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

- оқу процесін ұйымдастыруда қолжетімді цифрлық ресурстарды пайдалану.

- оқу пәндері бойынша цифрлық ресурстар әзірлеу;

60. Іс-қимыл жоспары келесі бөлімдерді қамтиды:

3) Оқыту әдістемесі

- қосымша сабақтар аясында оқытудың саралау әдістерін іске асыру;

- білім алушыларды жобалық және зерттеу жұмыстарына тарту;

- Оқу материалын күрделі және бекітуді талап ететін оқу мақсаттары бойынша бөле отырып, модульдік оқытуды пайдалану;

- оқытудың тиімді әдістерін қолдану (кейс-стади, тақырыптық талқылау, іскерлік ойын және тағы басқалар).

60. Іс-қимыл жоспары келесі бөлімдерді қамтиды:

4) Педагогтердің, тьюторлардың жұмысы

-педагогикалық колледждер мен жоғары оқу орындарының студент-тәлімгерлері, үлгерімі жақсы жоғары сынып оқушылары қатарынан тьюторлардың жұмысын ұйымдастыру;

- білім алушылармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру;

- психологтің, әлеуметтік педагогтің, сынып жетекшісінің, үлгерімі төмен білім алушыларды қолдау бойынша арнайы педагогтің, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу жөніндегі педагог-ассистенттің жұмысын ұйымдастыру;

- оқу пәндері бойынша консультациялар өткізу;

- оқу үлгеріміндегі әлсіз тұлғаларын жою мәселесін шешуге бағытталған коучингтер өткізу;

- білім беру платформаларының контентін пайдалану.

60. Іс-қимыл жоспары келесі бөлімдерді қамтиды:

5) Білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен жұмысты ұйымдастыру

- білім алушылардың ата-аналарын немесе өзге де заңды өкілдерін үлгерім мониторингінің нәтижелері туралы хабардар ету;

- білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен жеке әңгімелесу және ата-аналар үшін консультациялар өткізу;

- білім алушылардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері үшін ата-ана құзыреттіліктерін арттыру бойынша тренингтер өткізу;

- шешім қабылдау, мектепшілік бақылау мәселелерінде қамқоршылық кеңестердің рөлін арттыру.

60. Ис-қимыл жоспары келесі бөлімдерді қамтиды:

б) Педагогтерді даярлау

- үлгерімі төмен оқушылармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс бойынша онлайн оқыту тренингтер, вебинарлар өткізу;

- педагогтерді курстан кейінгі қолдау: мектептерде қашықтан оқыту бойынша вебинарлар, шеберлік сағаттары, тренингтер

- педагогтер, білім алушылардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері және білім алушылар үшін еркін қолжетімді вебинарлар ұйымдастыру;


- менторлардың, коучтердің, педагог-шеберлердің, педагог-зерттеушілердің үздік тәжірибелерін қолдану;

- «Үздік педагог» республикалық конкурсы жеңімпаздарының тәжірибесін қолдану;


- педагогке арналған тегін ресурстардың сілтемелері:
«Өрлеу» on-line,
https://www.youtube.com/channel/UCXC-idU18buI-_kCBLU16-g.

63. Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы сабаққа қойылатын талаптар

Ұйымдастыру:




-ұзақтығы:
15-30 минут;



– цифрлық технологияларды қолдана отырып, нақты уақыт режиміндегі сабақтар: бейнеконференциялар;

– әлеуметтік желі чатында, пошта арқылы топтық хат алмасуда оқушылардың топтық жұмыстарын ұйымдастыру мүмкіндігі;

Интернет желісінде хабарлама алмасу арқылы асинхронды форматтағы сабақтар: тапсырмаларды өз бетінше орындауға баса назар аудару;



– педагог білім алушыларға оқулықтан өз бетінше оқу тапсырмаларын орындау үшін оқу материалын ұсынады;

– педагог интернет-платформаларда орналастырылған сабақтарды, сондай-ақ қолжетімді цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануды ұсынады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!